



«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫ

26 мамыр 2023 жыл

№: AIFC-C/SCC/2023/0009 ic

Айдана Айтуарова

Талап қоюшы

Private Company Smart Parking Technologies
LTD-ға

Жауапкер

қарсы

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Чарльз Баннер КС

БҰЙРЫҚ

1. Талап қою АХҚО Еңбек регламентінің 60-бабына сәйкес Жауапкердің Талап қоюшыға заңмен белгіленген үш күндік хабарлау мерзімінің қысқарғаны үшін өтемақы ретінде 276 164,38 теңге мөлшерінде залал төлеуі тиістігімен шектелген бөлігіне қатысты шешілді.
2. Талап қою қалған бөліктерінің барлығына қатысты қабылданбай тасталды.
3. Талап қоюшының шығыстарды тағайындау туралы өтініші қабылданбай тасталды.

ШЕШІМ

Кіріспе

1. Осы арқылы Талап қоюшы Айдана Айтуарова ханым өзінің Жауапкердің атқарушы директоры лауазымынан 2022 жылғы 5 қазандағы хабарламамен оның пікірінше заңсыз босатылғанына байланысты Жауапкер - Smart Parking Companies Ltd жеке компаниясына қарсы әртүрлі құқықтық қорғау құралдарын талап етеді.
2. Сотқа тараптардың әрқайсысының жазбаша ұсынымдары мен дәлелдемелері ұсынылды, олар 2023 жылғы 4 мамырда өткен бейнетыңдауда ауызша егжей-тегжейлі баяндалды. Сот екі тараптың да өкілдеріне ұсынылған материалдардың жоғары сапасы үшін алғыс білдіреді
3. Тыңдау кезінде Талап қоюшының өкілі Жауапкердің бұрынғы қызметкері Бақтияр Рахматуллаев мырзаны ауызша айғақ беру үшін шақырды. Жауапкердің өкілі куә ретінде Жауапкердің Бас директоры, бұдан бұрын 2023 жылғы 6 наурызда қол қойылған "ант беріп берілген айғақты"¹ ұсынған Әмірхан Омаров мырзаны шақырды.
4. Сот екі куәның да сенім тудырғанына және дәл айғақ беруге ұмтылғанына қанағаттанды. Алайда, Рахматуллаев мырзаның айғақтарына қатысты маңызды шектеуші фактор – олар оның өзінің Жауапкерде қазіргі уақытта тоқтатылған жұмыс істеу тәжірибесі тұрғысынан берілген. Өзінің жұмысқа орналасуы мен жұмыстың талапшарттарын, мәлімдеуінше, Омаров мырзамен ауызша талқылауы туралы өз аузынан айғақ беруіне болатын Талап қоюшының өзі сот тыңдауында айғақ берген жоқ. Осы істе Соттың рөлі Рахматуллаев мырзаның еңбек келісімшартының талаптары мен оның бұзылуы туралы қорытынды шығаруда емес, Талап қоюшының еңбек келісімшартының талаптары мен оның бұзылуы жөніндегі даулы мәселелерді анықтауда болып табылады.
5. Екі куәның да айғақтары АХҚО сотының қағидаларының ("АСҚ") 28.29 қағидасына сәйкес бейресми түрде берілді. Өкілдердің әрқайсысының өз куәларынан тұс-тұстан жауап алу туралы бұрын көзделмеген өтініштерін сот қабылдамай тастады. Тек салыстырмалы түрде сирек жағдайларда ғана тұс-тұстан жауап алу АСҚ-ның 1-бөліміндегі басты мақсатпен сәйкестікке келтіру үшін қажет болады. Бұл жағдай ондай жағдайларға жатпайды.

¹ Мен тырнақшалармен белгіледім, өйткені құжатқа қатысты ант берілмеген сияқты, бірақ оны меңзеп тұрған ештеңе жоқ.

Әрбір тарап екінші тараптың куәсінің айғақтарына түсініктеме бере алды және осы істің мән-жайларында (жоғарыдағы 4-тармақта айтылғандарды қоса) сотта әділ тыңдауды қамтамасыз ету үшін бұл жеткілікті болды.

6. Екі тараптың да өкілдері сот тыңдауында Талап қоюшының Жауапкермен жасасқан еңбек келісімшарты АХҚО-ның өзгертулер мен толықтырулар енгізілген Еңбек регламентімен реттелетіндігімен келісетіндіктерін растады. Талап арыз нысанында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сілтеме жасалғанымен, талап қоюшының талаптары АХҚО Еңбек Регламентімен реттелетінімен немесе реттелмейтінімен Талап қоюшының өкілі сот тыңдауында келісті.

7.

Қарауға ұсынылған мәселелер

8. Тыңдаулардың барысында тараптардың ұсынымдарында бірсыпыра мәселелер көтерілгенімен, Соттың шешуін қажет ететін даулы мәселелер келесілерге саятыны түсінікті болды:
- (1) Талап қоюшының еңбек шартын Жауапкердің бұзуы АХҚО Еңбек регламентіне сәйкес келді ме әлде жоқ па, егер сәйкес болмаса, онда қандай шығындар өтеуге жатады? (Сот тыңдауында Талап қоюшы өзінің өкілі арқылы жұмыста қалпына келтіру туралы бұрынғы талабынан бас тартты).
 - (2) Талап қоюшының Омаров мырзаның берген уәделері негізінде Жауапкердің акцияларының 3%-ына құқығы бар ма?
 - (3) Талап қоюшы 2022 жылғы шілде-тамыз айларында Жауапкердің тапсырмасы бойынша АҚШ-тың Сан-Франциско қаласына іссапарға баруына байланысты тәуліктік ақы алуға құқылы ма?

Соттың қорытындылары

1-мәселе: Талап қоюшының еңбек шартын Жауапкердің бұзуы АХҚО Еңбек регламентіне сәйкес келді ме әлде жоқ па, егер сәйкес болмаса, онда қандай шығындар өтеуге жатады?

9. Талап қоюшының бірінші ұсынымы еңбек келісімшартын бұзудың Жауапкер көрсеткен себебі, атап айтқанда, штаттық қызметкерлер санының қысқартылуы, оны жұмыстан шығарудың іс жүзіндегі себебі болмағандығында.
10. Алайда, АХҚО Еңбек регламентінің 60-бабына сәйкес, Жауапкер Талап қоюшымен жасасқан еңбек келісімшартын, 60(2)(b)-бапта көзделгендей оған 30 күн бұрын хабарлап, себепсіз бұзуға құқылы болды. Сонымен, оны жұмыстан шығару үшін қандай да бір нақты себептің болуы Жауапкерге қажет емес болған. Талап қоюшы жұмыста қалпына келтіру талабынан бас тартқандықтан және тек залалды өтеуді ғана талап етіп отырғандықтан, қажетті хабарлау мерзімінің оған кез келген берілмеуін оған хабарлаудан бас тартқан күндер санына көбейтілген оның келісімшарт бойынша күнделікті жалақысы мөлшерінде өтемақы берумен өтеуге болады.
11. Жауапкер оның келісімшартын хабарлаусыз 61(2)(d) бапқа сәйкес бұза алатын болғандығын мәлімдеді - Жауапкер сол кезде Талап қоюшыға айтқан себеп негізінде емес (бұл себеп 61(2) бапқа сәйкес келісімшартты себепсіз бұзу үшін негіздер тізіміне кірмейді), Жауапкердің мәлімдеуінше, Талап қоюшы еңбек келісімшарты бойынша өз міндеттерін орындамағаны негізінде. Сот бұл мәлімдемені қабылдамай тастайды. Жауапкер жұмыстан шығарудың Талап қоюшыға сол кезде айтылғаннан елеулі түрде өзгеше себебіне оқиға орын алғаннан кейін барып сілтеме жасай алмайды.

Бұлай болмаған жағдайда, 62-баптың жұмыстан шығару себептерін баяндау жөніндегі талабының мағынасы жоғалар еді.

12. Сот мынандай қорытындыға келді:

- a. Көрсетілген себеп жұмыстан шығарудың іс жүзіндегі себебі болды ма әлде жоқ па - бұл Талап қоюшының залалды өтеу жөніндегі талабы үшін маңызды емес, өйткені ол заңмен белгіленген хабарлама мерзімін Талап қоюшыға ұсынған және хабарлама мерзімінің кез келген жетіспеушілігін залалды өтеу түрінде өтеуге болатын жағдайда, оны жұмыстан шығару үшін 60-бапқа сәйкес Жауапкерге ешқандай себеп қажет болмаған; және
- b. Жауапкердің оқиға орын алғаннан кейін барып 61-бапқа сәйкес ескертусіз жұмыстан босату үшін негізге сілтеме жасау әрекеті сәтсіз аяқталды

13. Талап қоюшының осы тармақ бойынша жасаған келесі ұсынымы - хабарлаудың 30 күндік мерзімі оған толығымен берілмегендігі болып табылады. Ол бұл мерзім шартты бұзу туралы 2022 жылғы 5 қазандағы хабарламадан кейінгі келесі күн - 2022 жылдың 6 қазанынан бастап есептелді және 6 және 7 қараша² мерекелік күндер енген жоқ, яғни мерзім Жауапкер ұсынған хабарлау мерзімінің соңғы күні болып табылатын 2022 жылғы 4 қарашада емес, 2022 жылғы 7 қарашада таусылған деп мәлімдеп отыр. Егер (Сот анықтағандай) 61-бап емес, 60-бап қолданылса, бұл жағдайда дәл осындай хабарлау мерзімі қолданылатынын Жауапкер даулаған жоқ.

14. Осылайша, заңмен белгіленген хабарлау мерзімімен салыстырғанда 3 күн жеткіліксіз. Сот Талап қоюшыға осы жеткіліксіздік үшін өтем ретінде еңбек келісімшарты бойынша 3 күндік жалақы мөлшерінде залал өтеуді тағайындайды. Бұл 2022 жылғы 1 шілдедегі өзгерістерімен қолданылатын 2022 жылғы 5 қаңтардағы еңбек келісімшарты бойынша 33 600 000 теңге мөлшеріндегі жылдық жалақы негізінде 276 164,38 теңге құрайды.

15. Талап қоюшының осы тармақ бойынша үшінші және соңғы ұсынымы – еңбек келісімшартын бұзу оның 2022 жылғы 5 қаңтардағы кейінгі еңбек келісімшартына қатысты емес, 2020 жылғы 1 қарашадағы алғашқы еңбек шартына ғана қатысты болғандығы. Сот бұл мәлімдемені қабылдамайды. 2022 жылғы 5 қаңтардағы келісімшарт еңбек қатынастарын осы күннен бастап реттеуі керек болғандығы айқын. Осы күннен бастап тараптар арасында екі түрлі келісімшарт бойынша екі тәуелсіз еңбек қатынастары болғаны туралы қорытынды жасауға негіз жоқ.

16. Сондай-ақ, Жауапкердің Талап қоюшыны жұмыстан шығаруға ниеттенгені және жұмыстан шығарғаны да айқын. Қалай болғанда да, Талап қоюшының ісінің бұл аспектісі оның жұмыста қалпына келтіру туралы талап арыз бермейтінін сот тыңдауында өз өкілі арқылы растағанын ескерсек, ешнәрсеге жарамсыз.

2-мәселе: Талап қоюшының, оның мәлімдеуінше, оған Омаров мырзаның берген уәделері негізінде Жауапкердің акцияларының 3%-ына құқығы бар ма

² Бұған қатысты сот тыңдауында Талап қоюшының өкілі 28(1) ережеге сүйенді, онда «Жұмыскердің еңбек қатынастары тоқтатылған жағдайда, Жұмыс беруші есептелген, бірақ пайдаланылмаған демалыстың орнына Жұмыскерге ақша сомасын төлеуі керектігі» талап етілген. Талап қоюшының осы ережеге 2022 жылғы 5 және 6 қарашаға қатысты сілтеме жасауын Жауапкердің өкілі даулаған жоқ.

17. Талап қоюшы ол Жауапкерге ауысқан кезде Омаров мырза Компания акциясының 3%-ын оған беруге ол арқылы уәде етті деп мәлімдейді.
18. Талап қоюшы жазбаша келісім болмағанын мойындайды. Ол бұл аспект туралы ауызша келісім болғанын мәлімдейді.
19. Жауапкер мұны жоққа шығарып отыр. Тыңдау кезінде Омаров мырза мұндай уәде берілмегені туралы сарапшыға жазбаша түрде де, ауызша түрде де нақты және сенімді айғақтар берді.
20. Соттың Талап қоюшының тікелей өзінен жазбаша түрде де, тыңдау кезінде де дәлелдемелер алу мүмкіндігі болмады. Бұған ешқандай түсініктеме берілген жоқ. Сондай-ақ, оның мәлімделген уәде туралы неліктен жазбаша түрде жазба жасамағаны туралы сендірімді түсініктеме берілген жоқ. Егер, Талап қоюшының өкілінің сот тыңдауында айтқаны бойынша, *«акцияларды алу мүмкіндігі оның компанияға ауысуының бірден-бір себебі болса»*, оның жазбаша растама алу үшін жүгінбегені немесе, ең құрығанда, өзінің жазбаша түрде қазіргі жазба жасамауы қайран қалдырлық болар еді. Сот Талап қоюшының заңгер емес екенін мойындайды, бірақ ол өз ісінде талапшыл кәсіби маман, сондықтан өзінің еңбек топтамасының осынша маңызды бөлігі жазбаша түрде расталған болуының маңыздылығын ол бағалады деп күтуге болады.
21. Жоғарыда айтылып кеткендей, Рахматуллаев мырзаның ауызша айғақтары Талап қоюшының жағдайына емес, оның өз жағдайына бағытталды. Қалай болғанда да, оның айғақтарын шындық деп қабылдай отырып, Сот ол айғақтардың қандай да бір келісімшарттық міндеттемелер жасасылғанын куәландыратындығымен келіспейді. Оның айғақтары ол компанияға келген кезде Омаров мырза оған *«компанияның өсуіне байланысты»* опциондар немесе бонустар болатынын, олар *«кейінірек талқыланатынын»* айтқанында болып табылады. Осыған сүйене отырып, болашақта үлестік қатысу және/немесе бонустар жөніндегі келісім болатындығы туралы айтылған деп болжауға болады, бірақ қандай да бір келісімшарттық немесе басқа да заңды міндеттемелер туындататын ресми міндеттеме болмаған.
22. Осы себептерге байланысты, Сот Талап қоюшы бұл мәселе бойынша дәлелдеу ауыртпалығын орындаған жоқ деп санайды. Сондықтан талаптың бұл бөлігі қабылданбай тасталады.

3-мәселе: Талап қоюшы 2022 жылғы шілде-тамыз айларында Жауапкердің тапсырмасы бойынша АҚШ-тың Сан-Франциско қаласына іссапарға баруына байланысты тәуелділік ақы алуға құқылы ма?

23. Талап қоюшының өкілі сот тыңдауында Талап қоюшының жазбаша еңбек келісімшартында немесе АХҚО Еңбек регламентінде талап қоюдың осы бөлігі үшін негіз жоқ екенін мойындады. Оның орнына тараптардың арасында оған тәуелділік ақы төленетіні туралы *«ауызша уағдаластық»* бар болған. Алайда, талап арызға қатысты бұл жағдайда да Талап қоюшының өзі айғақ бермегені алдан шығады, ал Жауапкердің атынан Омаров мырза сот тыңдауында мұндай ауызша келісім болмағаны және, шын мәнінде, Сан-Францискоға іссапар кезінде Талап қоюшының шығыстары компанияның кредиттік картасынан алынғаны, ал оның түнде қонған тұрғын жайы Омаров мырза жалға алған пәтер болғаны туралы анық және сендірерлік айғақтар берді.

24. Сот Талап қоюшы бұл мәселе бойынша дәлелдеу ауыртпалығын орындаған жоқ деп санайды.

Бостандық аудандық сотындағы қатарлас өндіріс

25. Сот тыңдауының барысында Жауапкер Сотқа 2023 жылғы 11 сәуірде Бостандық аудандық соты Талап қоюшының ол Жауапкердің еншілес компаниясы - "Smart Parking Technologies" ЖШС-мен жасасқан жеке еңбек келісімшарты заңсыз бұзылғандығы туралы талап арызын қабылдамағанын айтты. Бұл шарт АХҚО Еңбек Регламентімен емес, Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелді. Жауапкердің өкілі Бостандық аудандық сотының шешімі осы сот талқылауында осы Сот үшін міндетті емес екендігімен келісті, бірақ оның тұжырымдары осы Сот үшін осы істе қаралып отырған мәселелерге ұқсас мәселелерге жататын шамада релеванттық ой-пікір болып табылатынын, оны назарға алу қажет екенін мәлімдеді. Талап қоюшының өкілі бұған келісті және Талап қоюшы апелляцияға беруге ниетті екенін көрсетті. Жауапкердің өкілі мұндай апелляция дер кезінде берілмеген апелляция болады деп мәлімдеді. Алайда, бұл осы Сот шешуі тиіс мәселе болып табылмайды.

26. Сайып келгенде, осы шешімде бұрын баяндалған себептер бойынша, Сот осы талап арыз бойынша даулы мәселелерді тараптар ұсынған дәлелдемелер негізінде анықтай алды. Осы шешімнің қорытындылары Бостандық аудандық сотының ЖШС-ның еңбек келісімшарты бойынша қойылған талапқа қатысты шешімімен келісімді, бірақ Сот Бостандық аудандық сотының шешіміне сүйенуді қажет деп таппады. Сондықтан ұқсас немесе сабақтас істе бір тарапар немесе байланысты тараптар арасындағы дау бойынша АХҚО соты Қазақстан Республикасы соттарының шешіміне қатысты қандай тәсіл қолдануы тиіс деген мәселені ашық қалдырған жөн. Бұл мәселені нәтижесі оның қалай аяқталатынына байланысты болатын істе және қандай пікір бойынша да маңызды ортақ мағынасы бар мәселе бойынша толыққанды ауызша және жазбаша ұсынымдар болған жағдайда шешкен дұрысырақ болар еді. Тиісінше, тараптардың өкілдерінің дұрыс тәсілге қатысты келісімі жоғарыдағы 24-тармақта атап өтілгеніне қарамастан, Сот бұл мәселе бойынша ешқандай пікір білдірмейді.

Қорытындылар

27. Талап қою АХҚО Еңбек регламентінің 60-бабына сәйкес Жауапкердің Талап қоюшыға заңмен белгіленген үш күндік хабарлау мерзімінің қысқарғаны үшін өтемақы ретінде 276 164,38 теңге мөлшерінде залал төлеуі тиістігімен шектелген бөлігіне қатысты шешілді.

28. Талап қою қалған бөліктерінің барлығына қатысты қабылданбай тасталды.

29. Талап арыз нысанында шығыстарды Жауапкерден алып беру туралы талап та бар. Алайда талаптың басым бөлігі қанағаттандырылмаған. Бұдан басқа, АСҚ 26.9 қағидасына сәйкес шығыстар тағайындалуын ақтау үшін Жауапкер орынсыз әрекет етті деп қорытынды жасауға негіздер жоқ. Сондықтан, шығыстарды тағайындау туралы өтініш қабылданбай тасталады.



Сот қабылдады,

Чарльз Баннер КС,

Судья, АХҚО соты

Өкілдік ету:

Талап қоюшының атынан:

1. Akhmetova Law Firm Limited заңгері Айбек Кабышев мырза өкілдік етті, Астана, Қазақстан.

Жауапкердің атынан:

1. Tukulov & Kassilgov Litigation заңгері Әбілқайыр Мерғалиев мырза өкілдік етті, Астана, Қазақстан.